

2009 жылға сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 9 сессиясының 2008 жылғы 18 қарашадағы N 106 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 26 қарашада N 8-10-71 тіркелді. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 25 сәуірдегі N 1-1/105 хатымен)

Ескерту. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2011.04.25 N 1-1/105 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6–бабына "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 27–бабының 2-ші тармағына және 491–бабының 2-тармағына, және " Жарнама туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11– бабының 1–ші, 3–ші тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға сыртқы (көрнекі) жарнамалар орналастырғаны үшін төлем ақы ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Барлық салық төлеушілерге жергілікті маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырылатын және елді мекендерде орналастырылатын жарнама объектілері үшін төлемақыны осы ставкаларды қолданып есептеу Ақтоғай ауданы бойынша салық комитетіне (Қ.Н. Болғанбаев) тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б.З. Глеубергеновке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Р. Жарылғасынов

Аудандық мәслихат хатшысы

М. Оңғарқұлов

КЕЛІСІЛДІ

Ақтоғай ауданы бойынша салық

басқармасының бастығы

Қ. Болғанбаев

18.11.2008 жыл

